**Автор**: ТАУТАНОВА ТАМАРА ТАЛГАТОВНА
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 2-сынып
**Бөлім**: Менің мектебім
**Тақырып**: Нәтиже сабақ.Мен не үйрендім?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау. 2.3.5.1 – жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен түзету. 2.4.2.1 – мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар жасай алады: Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрай алады. Оқушылардың көбі жасай алады: Берілген тапсырмалардың ішінен пунктуациялық,орфографиялық қателерді түзете алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: Берілген тапсырмалардан жұрнақ пен жалғауды ажыратып орындай алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық. |
| Бағалау критерийлері: | • Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. • |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушылар тақырыпқа байланысты мәтіндерді оқиды,кесте бойынша әңгімелейді |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| Пәнаралық байланыс: | Дене шынықтыру,қазақ тілі. |
| Бастапқы білім: | Бұл бөлім материалдарын оқытуда алдыңғы сыныптарда және бөлімдерде алған білім, білік, дағдылары басшылыққа алынады |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Жаңа топ құру Оқушыларға берілген қима қағаздардан сөздер құрастыру. Футбол шы лар,бокс шы лар ,шаңғы шы лар I – топ: « Футболшылар»; II – топ: «Боксшылар», III – топ: «Шаңғышылар» Ой қозғау. Спорт құралдарындағы сұрақтарға жауап беру -Түбір дегеніміз не? Жұрнақ дегеніміз? Олардың белгілері қалай? Жалғау ,қосымша дегеніміз ? Мысал келтір | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | -Балалар,мына мәтінді тыңдап көрейік.Мәтін не туралы? " Иә / Жоқ "кестесі арқылы сұраққа жауап береміз № Сұрақтар ИӘ ЖОҚ 1 Спорттың денсаулыққа пайдасы зор + 2 Спорт –адамды күшті болуға,жылдамдылыққа үйретпейді. + 3 Қазақстанның мерейін көтеріп,көк туын желбіреткен спортшылар өте көп. + 4 Еліміз осындай әйгілі спортшылармен мақтанады + Дескриптор: 1.Сұрақтарға жауап береді 2.Сабақ тақырыбын және мақсатын анықтай алады Топтық жұмыс. І – топ: Суреттер мен тірек сөздердіқолданып «Денім сау болсын десең... » тақырыбына әңгіме құрастырыпайт. Дескриптор: -Тақырыпқа сәйкес жүйелі әңгіме құрастырады; -Тірек сөздерді орынды қолданады; ІІ – топ: Берілген сызбаны пайдаланып,боксшы туралы сипаттау мәтінін жаз дене бітімі қасиет ---------- ---- түріндегі ерекше<br>белгі Дескриптор: -Сызбаны пайдаланып,сипаттау мәтінін құрастырады; ІІІ–топ: Мәтінді мұқият оқы. Мәтіннің ішіндегі сөздердің қателерін тауып, түзет. Спорт Спортпен айналысқан адамның дені сау, жаны таза болады. «Денсаулық – зор байлық», - дейді халқымыз. Мен спортты өте жақсы көремін. Аптасына үш күн бассейнге барып, суда жүземін. Футбол, волейбол сияқты доп ойындарын бала күннен ойнапөстім. Қазір де қызметтес достарыммен бірге апта сайын спортзалғабарып, спортпен айналысамын. Қыс айларында коньки тебуді жақсыкөремін. Таза ауа адамның шаршағанын жеңілдетеді. Спортпенайналысатын адамның көңіл күйі үнемі жақсы болады . Дескриптор: -Мәтінді мұқият оқиды. -Асты сызылған сөздердегі әріптік қателердітүзетеді. Оқулықпен жұмыс. -Олай болса барлығымыз дәптеріміздіашып,бүгінгі күннің жадын жазамыз. Көркем жазу ӨөӨөӨө 4-жаттығу.Кестені дұрыс толтыр.ҚБ Дескриптор: 1.Көркем етіп жазады. 3.Қатесіз жазады. 4.Жұрнақ ,жалғау жалғанған сөзді табады. -Дескриптор бойынша өз-өздеріңді тексеріңдер. Сергіту сәті. «Бой сергіту»«Жалғау», дегенде аяқпен тарсылдату «Жұрнақ» дегенде қолшапалақтау<br>Жұрнақ ЖалғауЖүзгіш,шекарашы , егінші, кітаптар,әжеге, бүркітпен, балықшы,жұмысшы, ойынға, жұмыста,жырлар, ойыншық,қобызшы, шекараға,сабаққа,сыныпқа, әнші,жыршы. аулада Әр оқушыға жеке тапсырма беріледі. І –топ: Дойбы Құрылыс Жұмыс Еңбек Көл Оқу Орын Дескриптор: 1.Сөздерге жұрнақ пен жалғау жалғай алады. 2.Сөздерді талдайды | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия  Бүгінгі сабақта мен....түсіндім.  Бүгін сабақта қуантқаны.....  Маған ерекше ұнағаны..... Қызықты болғаны.....  Қиындық тудырды...  Кері байланыс. Оқушылар сабақта алған әсерлерін алдарындағы стикерлерге пікірлерін жазып,тақтадағы кубоктарға жабыстырады. | |
| Рефлексия | Рефлексия Оқушылар сабақта алған әсерлерін алдарындағы стикерлерге пікірлерін жазып,тақтадағы кубоктарға жабыстырады. | |